

Академиялық ұтқырлық шеңберінде шетелде оқуға арналған конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау

Республикалық бюджет қаражаты есебінен академиялық ұтқырлық шеңберінде шетелге оқуға жіберу «Шетелде, оның ішінде академиялық ұтқырлық шеңберінде оқуға жіберу Қағидаларымен» реттеледі, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 19 қарашадағы №613 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V080005499>

Бағдарламаға бакалавриат, магистратура студенттері қатыса алады. Үміткерлер белгіленген критерийлерге сәйкес келуі және конкурстық іріктеуден өтуі тиіс.

Академиялық ұтқырлық шеңберінде шетелде оқуға арналған конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттарды ұсыну қажет:

1. Білім алушының өтініші.

2. Азамат төлқұжатының көшірмесі.

3. Білім туралы құжаттар:

- «Бакалавриат» бағдарламасы бойынша жолдау үшін: ЖЖОКБҰ мөрімен расталған ағымдағы үлгерім туралы транскрипт;

- «Магистратура» бағдарламасы бойынша жолдау үшін: қосымшасы бар бакалавр/маман дипломы және ағымдағы үлгерім туралы транскрипт.

4. Шет тілін меңгеру деңгейін растайтын құжат (үміткер төмендегі құжаттардың бірін ұсынады):

- шет тілін білуді бағалаудың халықаралық жүйелері арқылы алынған сертификат;

- шетелдік ЖЖОКБҰ-ның шет тілі деңгейі бар студентті қабылдауға келісімі туралы хат;

- қазақстандық ЖЖОКБҰ тестілеу нәтижесі (B2 деңгейінен төмен емес);

5. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №21579 болып тіркелген) № 072/е нысаны бойынша Медициналық анықтама (шетелге шығушы үшін);

6. Қазақстан Республикасынан кету сәтінде он сегіз жасқа толмаған Шетелге шығуға үміткердің ата-аналарының, қамқоршыларының, заңды өкілдерінің жазбаша келісімі;

7. Студенттің көп балалы отбасын растау үшін отбасы құрамы туралы құжат;

8. Студенттің ата-анасының жоқтығын растайтын құжат (жетім немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған студенттер санаты үшін (бар болса);

9. Студенттің мүгедектігін растайтын құжат.

**Академиялық ұтқырлық шеңберінде
шетелде оқуға арналған конкурсқа қатысу үшін құжаттарды
қабылдау**

Мемлекеттік орган:

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі

Қызметті алушылар:

Жеке тұлғалар

Қызметті ұсыну тәсілдері:

ҚР жоғары оқу орындары

«Электрондық үкімет» порталы

Қызмет құны:

Тегін

Қызмет көрсету мерзімі:

1 жұмыс күн

Қызметтің толық атауы:

Шетелде академиялық ұтқырлық шеңберінде оқу конкурсына қатысу үшін құжаттар қабылдау

Қызмет көрсету нәтижесі:

Шетелде, оның ішінде академиялық ұтқырлық шеңберінде оқу конкурсына қатысуға рұқсат беру туралы қолхат.

Қызметті онлайн алу:

1. Порталда [авторизациядан](#) өтіп «Онлайн сұратым» батырмасын басыңыз.
2. Өтінімді толтыру және [ЭЦК](#) (электрондық цифрлық қолтаңбамен) немесе смс-паролінің көмегімен қол қойыңыз (міндетті түрде [мобильдік азаматтар базасында тіркеу](#) бар болу қажет).
3. Жеке кабинетте («[Қызметтерді алу тарихы](#)» бөлімінде) көрсетілген уақыт ішінде келіп түсетін сіздің өтініміңізді өңдеу туралы хабарламамен танысыңыз.